


# Тәрбие сағатына қош келдіңіздер!




«Мыңбұлақ жалпы орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі





# ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

## 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!!!

«Мыңбұлақ жалпы орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі



# Ашық тәрбие сағаты

# Наурыз көже мейрамы




Мұғалім: Сейтхан.Н



Наурыз құтты болсын!


Наурыз мейрамы құтты болсын !
www.region.kz


НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ!

***НАУРЫЗ - жыл басы, ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңеліп, жер арқасы кеңіп, жан-жануарлар, өсімдік дүниесі, күллі тіршілік әлемі жан алып, қайта түлейтін Табиғат мерекесі.***

# Ұлыс оң болсын,
# Ақ мол болсын!

*Ниеттерің ақболсын!*
*Бастарыңа бақ қонсын!*
*Тыныш болсын еліміз!*
*Гүл жайнасын жеріміз!*

*Уа, құдайым, оңдасын,*

*Жаманшылық болмасын.*

*Әруақ біткен жар болып,*

*Қызыр бабам қолдасын.*

*Аман сактап, төл басын,*

*Еккен егін солмасын.*

*Орта толып ырысқа,*

*Бейбіт өмір орнасын.*

*Бақыт ашып қақпасын,*

*Мәңгі бақи жаппасын.*

*Пәле-жала қазақты,*

*Іздесе де таппасын. Әумин!*





# «НАУРЫЗ КӨЖЕ»

## Мереке дастарқанында

*Бағзы заманнан бері наурыз жыл басы ретінде тойланады. Ал оны тойлаудың қалыптасқан ежелгі дәстүрі бар. Бұл күні ең алдымен қазан-қазан наурыз көже пісіреді.*

*Әуелден халқымызда жеті санының киелі, қасиетті саналатыны белгілі. Сол себепті наурыз көженің құрамына жеті түрлі дәм, тағам қосылады. Олар жеті түсті де білдіреді.*

- ✔ *БІРІНШІ – Халқымызда барлық сүт тағамдарын ақ дейтіні белгілі.*
- ✔ *ЕКІНШІ – Ет қызыл түс.*
- ✔ *ҮШІНШІ – Тұзды қасиетті қара дәм, қарабас тұз дейтінін білеміз.*
- ✔ *ТӨРТІНШІ – Көктемде тасыған су жер-дүниені көк толқын ететіні белгілі.*
- ✔ *БЕСІНШІ – Май өзінің түсінің сарылығымен ғана емес, халқымыздың ең асылын «сары майдай сақтайтынымен» белгілі.*
- ✔ *АЛТЫНШЫ – Жерден өсетін өнімдердің бәрін жасыл өсімдіктің дәні деп түсінсек керек.*
- ✔ *ЖЕТІНШІ – Бидайдың, тарының талқанын, көжеге қосатын ұнды, кеспені қоңыр түске балау орынды.*

*Аталған жеті түс жинақталғанда ақ сәулені беретіндей топталған жеті түрлі ас-дәм киелі қазанда қайнап, Наурыз көже – қасиетті ас болмақ.*





***Оу, айналайын, балалар!***
***Тоя ішсін деп тамсанып***
***Жеті түрлі дәм салып***
***Наурыз көже пісірдім.***
***Оттан қазан түсірдім.***
***Бал көжеден татыңдар.***
***Бар қызыққа батыңдар.***
***Көктем Наурыз тойында***
***Құмар болып ойынға***
***Іске үлес қоспаған***
***Ішер бір – ақ тостаған***
***Еңбекқорға талапты***
***Қоямын қос табақты***
***Асқа кәрі - жасыңды***
***Шақырып , ием басымды.***



*Кең даланың ежелгі,*
*Қазақ дейтін халқымыз.*



*Өзге ұлттай біздің де,*
*Бар дәстүр мен салтымыз!*



*Ән салыңдар, би билеп шаттаныңдар!*
*Ұлы күнін ұлттың атқарыңдар.*
*Жадырасын бұл күні бүкіл өмір*
*Жығылмасын бәйгеге шапқан ұлдар!*




ПОЗДРАВЛЯЕМ!
НАУРЫЗ
ҚУТТЫ БОЛСЫН!

# НАУРЫЗ АЙЫ



# 22 Наурыз

## халықаралық мейрам



**Наурыздың мағынасы**

Наурыз, (*парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн*) – Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие. Ол – күнтізбелік жылдың үшінші айы (31 тәулік), көктемнің басы. Қазақтар бұл мейрамды Әз-Наурыз мейрамы деп те атайды. Халықтың ежелгі наным-сенімінде наурыздың алғашқы үш күнінде жер-көкті жарып ерекше дыбыс (гуіл) естіледі. Мұны тек қана жұмақтан шық-қан қой, сол арқылы оны бағып жүрген қойшы ғана естиді. Бұл күні бүкіл та-биғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан – жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады. Сол себепті, халқымыз «Әз болмай, мәз болмайды» деген.





**Наурыз неге жыл басы?**

«Жеріміз Күнді бір айналып шығатын мерзім – жылдың шартты түрде үш – үш айынан: наурыз, сәуір, мамыр – көктем, маусым, шілде, тамыз – жаз, қыркүйек, қазан, қараша – күз, желтоқсан, қаңтар, ақпан – қыс мезгілдері болып бөлінетіні баршамызға аян. Астрономия ғылымында бұл нақтылана түседі. Көктем наурыздың 22–інен, жаз маусымның 22–інен, күз қыркүйектің 23–інен, қыс желтоқсанның 23–інен басталады. Ендеше, Жаңа жылымыздың дәл 22 наурыздан басталуы жыл мезгілдерінің астрономия заңдылығымен де дәл келеді».



**Наурыз мейрамына байланысты атаулар:**

*Наурыз күні, Наурыз айы, Наурызнама, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жы-ры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызкөк, Наурыз есім, Наурыз шешек, Наурызша, Әз, Қыдыр, Саумалық, Мұхаррам (тыйым), Самарқанның көк тасы. Наурыз бата Өркенің өссін!*




Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын! Ұлыстың ұлы күнінде:

***Ұлың – оңға, қызың қырға қонсын! Еліңе елеулі, халқыңа қа-лаулы бол! Айың тусын оңыңнан, Жұлдызың тусын солың-нан! Бақ берсін, Қыдыр дарысын! Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!***



# НАУРЫЗ

# НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

- ***Наурыз мейрамы*** — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава - жаңа және рэзаңһ - күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но - жаңа және роуз - күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз - Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.

- ***Қазақстанда Наурыз мейрамы*** үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап). Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.




www.ZHARAR.com

# **Наурыз** – қазақ халқының мерекесі

- **22 наурызда күн мен түн теңеледі.Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Қар еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді.**

- **Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады.**



www.ZHARAR.com

# Наурыз құтты болсын!











www.ZHARAR.com




www.ZHARAR.co




www.ZHARAR.com


Наурыз
құтты болсын!
www.ZHARAR.com


Наурыз

Наурыз

Наурыз


Наурыз


Наурыз құтты болсын!
HAMELEONS.COM
опубликовано на сайте
HAMELEONS.COM
HAMELEONS.COM


«Қарлығаш» балалар бақшасы
Наурыз – жыл басы


НАУРЫЗ
МЕЙРАМЫ!


НАУРЫЗ
құтты болсын!


Наурыз мейрамы
құтты болсын!
ZHARAR
WWW.ZHARAR.COM


Наурыз
құтты
болсын!
www.ZHARAR.com


мейрамы!
Наурыз


Наурыз
Құтты болсын!


Наурыз
мейрамы құтты болсын!
www.ZHARAR.com





Find more images on www.GdPit.com




Мереке құтты болсын





